

“Ата-ана-мектеп-оқушы” марафоны.

1. Қыркүйек айы - “Дара класс” кабинет көгалдандыру
2. Қазан айы – “Күзгі қиял” қолөнер көрмесі
3. Қараша айы – “Кітапханаға кітап сыйла!” рухани акциясы
4. Желтоқсан айы - “Ата-ана мектепте” ата-аналар 2 тәрбие сағатын беру
5. Қаңтар айы – “Қысқы мүсін” қардан мүсін жасау
6. Ақпан айы – “Ұлттық құндылықтар - ұлт қазынасы” жәдігерлер көрмесі
7. Наурыз айы – “Гүл сыйлайық анаға ” анамен жұп ән байқауы
8. Сәуір айы – “Бұл менің отбасым” спорт айы
9. Мамыр айы - “Эко - абаттандыру” сенбілік , көгалдандыру



**2023-2024 оқу жылының ең үздік сыныпты анықтау мақсатындағы
«Ата-ана-мектеп-оқушы» атты марафон байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Бұл ереже «Ата-ана-мектеп-оқушы» атты мектепшілік

1-11 кластар және мектепалды даярлық топтар арасында өткізілетін байқау

(ары қарай – Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырып, өткізу, қорытынды шығару, жүлделерді анықтау тәртібін белгілейді.

Байқаудың ұйымдастырушылары: «№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ әкімшілігі, тәрбие бөлімі.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ:

- Класс оқушылары арасында өзара мәдени достықты нығайту;
- қоршаған ортаға және айналадағы мүліктерге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу;
- ата дәстүрімізді сақтауға үйрету;
- оқушылардың өнер мен білімге құштарлығын арттыру;
- ұлттық құндылықты бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеуге ықпал ету.

**3. БАЙҚАУ ТУРЛАРЫНА
ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:**

- Байқау әр айда қосымшада көрсетілгендей бір шарадан өткізіледі, әрбір класс оқушылары мен ата-аналары барлық шараға қалыссыз қатысуы тиіс;
- ата-аналар жиналысына толық құрамда қатысуы қосымша бағаланады;

4. БАЙҚАУДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

1. Әр айда өткізілетін шара мен ата-аналар жиналыстары 10 балдық жүйемен бағаланып отырады.
2. Оқу жылының соңында байқау қорытындыланады және «үздік» деп танылған кластар марапатталады.
3. Шараларды өткізу барысында қатысушылардың ұлттық құндылықты насихаттайтын тәрбиелік мәні бар көріністердің болуы есепке алынады.

Мониторинг АТА-АНА

№	Кластар	1 тур	2 тур	3 тур	4 тур	5 тур	6 тур	7 тур	8 тур	9 тур	Жалпы ұпай
1	1 а	10	7	10	10	-	10	-	10	10	67
2	1 ә	10	8	10	10		10		9	10	
3	1 б	9	10	9	-		10		9	10	
4	2 а	10	6	8	8		10		10	10	
5	2 ә	10	10	9	10		10			10	69
6	2 б	9	4	9	-		10		-	10	
7	3 а	10	10	10	10		10		10	10	70
8	3 ә	8	7	9	8		10		10	10	
9	3 б	10	8	8	9		10		10	10	
0	4 а	10	7	-	-		10		10	10	
11	4 ә	10	8	10	-		10		10	10	
12	4 б	8	4	-	-		10		10	10	
13	5 а	10	10	10	9		10		9	10	68
14	5 ә	6	4	9	8		10		10	10	
15	6 а	7	5	-	8		10		9	10	
16	6 ә	6	10	8	9		10		10	10	
17	6 б	5	9	8	8		10		9	10	
18	7 а	5	-	-	9		10		-	10	
19	7 ә	9	5	10	-		10		10	10	
20	8 а	6	-	8	-		10		10	10	
21	8 ә	10	-	8	-		10		9	10	
22	9 а	7	-	-	9		-		9	10	
23	9 ә	6	4	-	9		-		9	10	
24	10	9	-	8	-		10		9	10	
25	11	5	-	-	-		-			10	
26	МАД а	10	9								
27	МАД ә	10	6		-						
28	МАД б	10	7								

«Дара класс» кабинет көгалдандыру.




марафон қыркүйек айы

«Ата-ана – Мектеп - Оқушы» марафонының алғашқы шарты бойынша қыркүйек айы бойына әр класс кабинетін гүлдендіру, жабдықтау жұмыстары бағаланды. Баласының білім алатын класының таза, жарық, гүлденген, жабдықталғанын қалаған әрбір ата-ана жауапкершілікпен қарап, өз үлестерін қосты. Ата-анасының көмегімен әкеліп отырғызылған әрбір гүлді баптап, суарып отыруға балалар дағдыланды.



«Күзгі қиял» марафон №2 шарасы

Жыл басынан бастау алған «Ата-ана – Мектеп - Оқушы» марафонының 2 айдағы шарты бойынша күзгі қиялға беріліп, көкөніс жапырақтардан қолөнер көрмесі жасалды. Әр класс ата-аналары үлкен белсенділікпен қатысып, ұшқыр ойларын, шығармашылық өнерлерімен көзге түсті.





https://www.instagram.com/reel/CyxzKL_MBvC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Кітапханаға кітап сыйла» рухани акция.

марафон қараша айы

«Ата-ана – Мектеп - Оқушы» марафонының 3 айдағы шарты бойынша оқуға құштар мектеп жобасына ата-ананы тарту, балалардың кітапханамен байланысын нығайту, кітапқа қызығушылығын арттыру мақсатында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясын марафон шарты қостық. Білім алушылар «Өзің оқы, өзгеге ұсын!» ұранымен үйлерінде артық жатқан әдеби шығармашылық кітаптарын мектеп кітапханасына әкеп тапсырды. Осы орайда 8 ә класының мектеп кітапханасының қорына жаңа 9 кітап сыйға тартқанын айтып өттік.



https://www.instagram.com/reel/Cz8nT4zsA_E/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/C0V7AjKsJdm/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/C0bRM5nsuxO/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/C0WO78bMmZD/?utm_source=ig_web_copy_link

«Ата-ана мектепте» ата-аналардың жүргізген тәрбие сағаты.

марафон желтоқсан айы

«Ата-ана – Мектеп - Оқушы» марафонының 4 айдағы шарты бойынша әр кластан 1 ата-ана сол класқа өзі таңдаған тақырыпта тәрбие сағатын өткізу болатын. Ата-аналарымыздың жан-жақтылығы сонша, барлық класс ата-аналары бәсекелестікпен бір уақыт мұғалім қызметінде жасап көрді. Іс-шара өте қызықты, жауапкершілікке толы болып өтті. Ата-аналардың барлығы сабаққа ерекше дайындықпен келіп, ресурстарды тиімді пайдаланып, балалармен тығыз қарым-қатынаста болды. Осы орайда 1 ақпастың, 6 ақпастың, атынан шығып, керемет сабақтар көрсеткен Онайбаев Азамат әкемізге алғыс білдіреміз.






https://www.instagram.com/reel/C0eSMxesAZ-/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/C0wbdJAMggi/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/C03cc-WIKTI/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/C1DqxbloZTn/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/C0wYevFMQpH/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/C0eSMxesAZ-/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/C0eABhwMamX/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/C0cKBIZsJqO/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/C0cIZj0s5ul/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/C0b3g9PMTCl/?utm_source=ig_web_copy_link

«Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы» жәдігерлер көрмесі.

марафон ақпан айы

«Ата-ана – Мектеп - Оқушы» марафонының 6 айдағы шарты бойынша мектептің этно бұрышына көне, ұлттық жәдігерлер сыйға тарту. Бұл шарада ата-аналар ұйымшылдық пен белсенділік көрсете білді. Паралель кластар бірігіп, жоғарғы кластар мектебіміздің жабдықталып, көркеюіне тағы да үлес қосты.



«Әкем, шешем және мен», «Біз спортпен біргеміз!»

марафон спорт айы

«Ата-ана – Мектеп - Оқушы» марафонының 8 айдағы шарты бойынша бастауыш буын, орта буын, жоғарғы кластар арасында отбасылық спорттық эстафета жарыстары ұйымдастырылды. Әр паралель кластар арасында жүлдегерлердің нәтижесі шығып отырды. Әрбір кластан 1 отбасыдан шығып белсенділік көрсетті.



https://www.instagram.com/reel/C6dbv3JsZaj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C6i0qXLMTeB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C6i4ss_s1Rc/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C6jpHuuMacL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Эко - абаттандыру» сенбілік, көгалдандыру.

марафон мамыр айы

«Ата-ана – Мектеп - Оқушы» марафонының 9 айдағы шарты бойынша мектеп ауласында сенбілік, абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын жасау. Әр класқа белгіленіп берілген территорияға ата-ана баласымен бірге келіп, көгалдандыру жұмыстарын жасады. Баланы еңбекке баулу, ата-ананы мектеп қоғамдық жұмысына тарту мақсатында жасалған бұл шара да ата-аналардың ұйымшылдығын, ауызбіршілігін, мектепке оң көзқарасын көрсетті. Атсалысқан ата-аналардың барлығына алғыс айтылып, марафонның нәтижесі шығарылды.

1 орын – 3 а класы. Мектеп директорының алғыс хатымен, кабинетке Су диспенсерімен марапатталды.

2 орын – 2 ә класы. Мектеп директорының алғыс хатымен, 10 000 теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды.

3 орын – 5 а класы. Мектеп директорының алғыс хатымен, 7 000 теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды.



https://www.instagram.com/reel/C7G6QfeMH5Y/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/C7HoX_QMcC6/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/C7Haq3_sOog/?utm_source=ig_web_copy_link

<https://www.instagram.com/reel/C7JAR->

[BMUQa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C7JAR-BMUQa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

https://www.instagram.com/reel/C7LkFeoMS-/?utm_source=ig_web_copy_link